

БАҚ үшін хабарлама

«Богатырь» көмір разрезі өндіріс қуатын ұлғайтпақ!

14.09.2021ж.

2022 жылдың үшінші тоқсанында Екібастұз қаласындағы «Богатырь» ірі кен орнында көмір өндіру мен тасымалдаудың жаңа технологиясын іске қосу жоспарлануда. Осыдан кейін «Богатырь Көмір» ЖШС-ның өндірістік қуаты жылына қазіргі 42 млн.тоннадағы көрсеткіштен 50 млн. тоннаға дейін өспек. Бұл туралы бүгін Екібастұз энергия кешені кәсіпорындарына жасаған жұмыс сапары барысында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Тютөбаев Серік Сүйінбекұлы айтып берді. Оның айтуынша, «Богатырь» разрезінде жүзеге асырылатын **«Көмір өндірудің циклдық-ағындық технологиясы»** жобасы өнімнің сапалық сипаттамаларын да жақсартады, әрі еңбек өнімділігін арттырады, сондай-ақ көмір өндірісінің өзіндік құнын төмендетеді.

Естеріңізге сала кетсек, «Богатырь Көмір» ЖШС Екібастұз көмір бассейнінің екі разрезінде, «Богатырь» және «Северный» нысандарында, көмір ашық тәсілмен өндіріледі. Кәсіпорынның өндірістік қуаты - жылына 42 млн.тонна көмір, оның ішінде «Богатырь» разрезі бойынша - 32 миллион тонна (ЦАТ іске қосылғаннан кейін – 40 млн. тонна), «Северный» разрезі бойынша - 10 миллион тонна.

«Богатырь» разрезінде өндіру технологиясын өзгерту қажеттілігі тау-кен жұмыстарының тереңдігіне жету тәсілдерімен байланысты, яғни көмір тасымалдаудың қазіргі қолданыстағы теміржол схемасы тиімсіз, және де негізгі тау-кен көлігі жабдықтары тозып, жаңартуды талап етіп отыр. Жоба бойынша 2019-2022 жылдар аралығында бірінші және екінші кезектегі екі конвейер желісін салу көзделген.

2019 жылғы тамыздан бастап жобаны іске асыру шеңберінде **жерүсті кешені** (т/ж ілмектері, кірме автожолдар, көмір тиеу пункттері және т.б.) бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. 2020 жылдың қыркүйегінен бастап толассыз ағындық кешен бойынша (разрез ішінде уату-тиеу пункттерін, конвейерлерді, орташаландыру қоймаларын және т.б. салу) жұмыстар жалғасуда.

«Бүгінгі таңда «Богатырь Көмірге» 104 млн. еуроның жабдығы толығымен келді, бұл жалпы жоспарланған көлемнің 98,8% құрайды. Жеткізу кесте бойынша жүргізілуде және 2021 жылы аяқталмақ», - дейді «Богатырь Көмір» ЖШС Бас директорының бірінші орынбасары - Қаржы директоры Асылхан Қадырбаев. Көмір өндіруші компания өкілінің айтуынша, теміржол көлігін және тиісті инфрақұрылымды пайдалана отырып, 250 м-ден астам тереңдікте өндіру өндірістік шығындардың көптігін, тиімділіктің төмендігін және қызмет көрсетудің қымбат екендігін айқындап отыр. Көмір өндірудің, ұсақтаудың, орташаландырудың және тасымалдаудың циклдық - ағындық технологиясына көшу арқылы біз осы мәселелердің барлығынан құтылатын боламыз.

Сондай-ақ, компанияда атап өткендей, жоба аясындағы құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде 170 жұмыс орны ашылды, нысан пайдалануға берілгеннен кейін

кәсіпорынның қазіргі қызметкерлерін қайта оқыту жоспарлануда. Жоба бойынша жұмысқа тартылған қызметкерлер саны - 496 адам; оның ішінде І іске қосу кешені бойынша – 288 адам; ІІ іске қосу кешенінде - 208 адам.

«Богатырь Көмір» ЖШС үлесіне Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін барлық көмірдің 60 пайызы және Қазақстан Республикасында өндірілетін көмірдің жалпы көлемінің 40 пайызы тиесілі. Компания «Самұрық-Энерго» АҚ және ресейлік «РусАл» БК тарапынан тепе-тең негізде басқарылады. Негізгі тұтынушылары - қазақстандық «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, Алматы және Степногорск ЖЭО-лары, «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС (ЖЭО-1, ЖЭО-3), «СевКазЭнерго» АҚ, «Астана-Энергия» АҚ (ЖЭО-1, ЖЭО-2), «Көкшетаужылу» МКК, «Павлодарэнерго» АҚ, «Bassel Group LLS» ЖШС (қ. Теміртау), сондай-ақ ресейлік Рефтинск МАЭС. Кәсіпорында 6,5 мыңға жуық адам еңбек етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстандағы акцияларының 100% «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі аса ірі электр энергетикалық холдинг. 2007 жылы құрылған. Қызметінің негізгі бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын жеткізу, тарату және сату; энергетикалық көмір өндіру. Холдинг құрамына энергетикалық және көмір кәсіпорындары кіреді, оның ішінде «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «О.Д.Қантаев атындағы Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және т.б.

«Самұрық-Энерго» АҚ Үкіметпен байланыс және коммуникациялар офисі.

Тел: (7172) 55-30-62; r.tasbulatov@samruk-energy.kz